



# Ақмешіт

11 қараша  
сенбі

№89 (1996)

2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ТҮРКІ ЖҰРТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА



Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына – 125 жыл. Тау тұлға Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан сыншы-көсемсөзші. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушысының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Темірбек Жүргеновтің есімі тек қазаққа ғана емес, исі түркі жұртына мәлім. Ол – Орталық Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға.

Тұғырлы тұлғаның 125 жылдық мерейтойы Алматыдан бастау алды. Абай атындағы ұлттық опера және балет театрында «Комиссар Жүргенов» кітабының тұсаукесері өтті. Мемлекеттік тапсырыспен шыққан кітапта Темірбек Жүргенов туралы тың деректер жарияланған. Елі үшін еңбек етіп, кезінде халық жауы атанған тұлғаның мерейтойы Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған. Қайраткердің есімі Алматыдағы өнер академиясына берілген. Жыл соңына дейін республика бойынша 100-ге жуық шара ұйымдастырылмақ. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы осы жылды Темірбек Жүргенов жылы деп жариялауы да бірегей тұлғаға көрсетілген ерекше құрмет. Биыл Түркияда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Қырғызстанда басқа да түркі тілдес мемлекеттерде ұлықтау шаралары өткізілуде.

А.БЕК

3 БЕТТЕ

## ЕГІН ЖИНАЛЫП БІТТІ, ҚАМБАДА ҚАНША АСТЫҚ БАР?

Республика Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанының қорытындысы талқыланды. Премьер-министр баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, жиында ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров және Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Гауез Нұрмұхамбетов пен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов баяндама жасаған.

Ауыл шаруашылығы министрінің сөзінше, биыл егін жиналатын алаң 24 млн гектарды құраған. Оның ішінде астық жиналатын алаң 17,1 млн гектар болды. Бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірінде астық жинау аяқталуда. Облыстардың әкімдіктері берген деректер бойынша 16,4 млн тонна астық бастырылған.

Министр бидай егілген алқап 13,4 млн гектарды құрағанын мәлім етті. Оның өнімділігі гектарына 8,6 центнерді құрап, 11,4 млн тонна астық бастырылған. Бұдан бөлек 1,6 млн тонна майлы дақыл жиналды. Сонымен қатар 3,5 млн тонна картоп жиылса, көкөніс 4,3 млн тоннаны құрады.

Үкімет отырысынан кейін Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстардың ұйымдастырылуы мен түпкілікті нәтижелеріне тоқталды.

– Биылғы вегетация кезінде су тапшылығы қатты сезіліп, диқандаларымызға оңай соққан жоқ. Дегенмен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысының қолдауының арқасында аймақта су тапшылығының алдын алу шаралары қабылданды. Дер кезінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде егілген 89 мың гектар күріштен 503 мың тонна өнім жиналып, орта өнім гектарына 56,5 центнерді құрады, – деді аймақ басшысы.

Негізі Қызылордада егін жинау жұмыстары толығымен аяқталған. Ендігі кезекте сүдгіер айдау және күздік бидай егуді мерзімінде бітіру қажет. Бүгінгі күні межеленген 4 мың гектар күздік бидайдың 2200 гектары егілген. Сүдгіер айдауға келер болсақ, жоспардағы 50 мың гектар жердің 64,9 пайызы орындалған. Облыс басшысы аудан әкімдеріне күздік бидай егу және сүдгіер айдау жұмыстарын 20 қарашаға дейін аяқтауды тапсырды.



Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, салада түйіні тарқатылмаған мәселелер бар. Мәселен, аймақтағы шаруа қожалықтарының «Қазушар» мекемесінің облыстық филиалы алдындағы қарызы 800 млн теңгеге жеткен, яғни төленуге тиісті қаржының 37 пайызы өтелмеген. Облыс әкімі Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне алдағы жылы егілетін күріш егісін 80 мың гектар деңгейінде тұрақтандыруды тапсырды. Оған қоса, су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егіс көлемін ұлғайту үшін тиісті шаралар қабылданып тиіс. Жауапты басшыларға әртарапандыру бағытында су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы егілетін егістің алдағы 3 жылдық орналастыру сызбасын бекітіп, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына жолдау міндеті жүктелді. Аталған басқармаға Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп әртарапандыру бағытындағы дақылдардың өсіс көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету, шаруашылықтардың «Қазушар» мекемесінің облыстық филиалы алдындағы қарызын осы жылдың 1 желтоқсанына дейін толық септесуін ұйымдастыру жөнінде тапсырма берілді.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: АДАМЗАТ ҮШІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Технократтар заманында күн сайын жаңа технологиялардың пайда болуы қалыпты жағдайға айналды. Көз-ілеспес жылдамдықпен дамыған жаңа технологияны игеріп үлгеру де мүмкін емес. Қазіргі таңда үздіксіз дамып келе жатқан жасанды интеллект адамдар үшін қызық әрі алаңдаушылық туғызып отыр десек, артық айтқандық емес.


Ғалымдар XXI ғасыр жасанды интеллект ғасыры екенін айтады. Бүгінде әлемде жасанды интеллекттің алғашқы қарлығаштары әр салада қолданыла бастады. Әрине, технологиялардың жетістігі адам игілігіне қызмет ететіні сөзсіз. Алайда жасанды интеллект саласы үздіксіз дамыған сайын, көңілде алаң да жоқ емес. «Адамзат үшін оның қауіпі қандай?» деген сауал бүгінде көкейкесті күйінде тұр.

Жасанды ақыл-ой технологияларының адамзат өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелетіні жайында аз айтылып та жүрген жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Digital Bridge-2023» халықаралық форумында жаңа дәуірдің басталғанын атап айтты. Ел Президенті атап айтқандай, жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллект технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллекттің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне пара-пар болмақ. Жаңа технологияның кең қолданысқа не болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқармақ.

Жасанды ақыл-ой технологиясының жетістігімен қатар қауіпін өзінде деп басып айтқан ешкім жоқ. Алайда жасанды интеллект саласының қарқынды дамуына соңша, бүгінде өлең шығаратын, жазу

жазатын, тіпті адамның басқа да іс-әрекетін қайталайтын роботтардың пайда болуы адамның орын робот алмастырар ма екен деген алаңдаушылық туғызуда. Бұл мәселенің әлі де өзекті екенін Мемлекет басшысы атап айтты.

– Бүгінде адамның ақыл-ойынан машина, яғни технология үстем болатын заман орнығуда. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект технологиясы адамзатқа қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Мұның арты неге әкеп соқтыратыны белгісіз. Ғалымдар арасында бұған қатысты ортақ пайым жоқ. Яғни жасанды интеллект адамзатқа игілік әкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақ әлі де өзекті болып тұр. Сондықтан осы мәселеге саналы түрде қарап, жасанды интеллекттің дамуын жіті назарда ұстау – аса маңызды міндет. Мысалы, кезінде атом энергетикасымен қатар атом қаруы пайда болды. Сол кезде жаһандық қауіпсіздік мәселесі бақылауда болуы керек деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



## «Көгілдір отын» келіп, ел қуанды



Оқырмандарымызға белгілі, газетімізде «Әкімге алты сауал» айдары бар. Мұндағы мақсат – қалаға қарасты кент, ауыл әкімдерінің атқарған жұмысын елге жеткізіп, көптің көкейіндегі сауалға жауап алу. Бұл жолы Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытовқа алты сауал жолдадық.

2 БЕТТЕ



## ҚИЯҢАҒА АЙНАЛАЙЫҢ, ҚАРА ҚАЗАН

4 БЕТТЕ

### Баспасөз-2024

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз торіңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



Темірбек Жүргенов 10 жыл басшылық ебегінде 400-ден астам мектеп салды. Қаншама мәдени ошақ пен жоғары оқу орнының негізін қалады. Қазақ өнерінің кең қанат жаюына қыруар тер төкті. Тек өнер емес, ол – ұлттық театрдың атасы, әдебиеттің білімдары, оқу-ағарту саласының жанашыры болды. Қысқа ғұмырындағы ебегінің нәтижесін бүгінде тек қазақстандықтар емес, түбі бір түркі жұрты көріп отыр.

Репрессия құрбаны болған тау тұлға 1957 жылдың 18 сәуірінде ақталды. «Отан оспасының отбасы мүшесі» ретінде еңбекпен түзеу лагеріне сегіз жылға айдалған жары Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жүргенова азаттық алысымен зайыбы Темірбек Қараұлының адал есімін қоғамға қайтару, еліне сіңірген еңбегін ұрпақ үшін жаңғырту мәселелерімен табандылықпен шұғылданды. Оның қақырылы ұмытылсыз нәтижесінде мемлекет және қоғам қайраткері, Жүргеновтің саяси репрессия ұмыттырған істері жайындағы деректер тірнектен жинала бастады. Содан бері сан түрлі зерттеулер, естеліктер жарық көрді. Деректі фильмдер шығарылды. Тұлға мерейтойына орай Қазақстан ұлттық банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясымен «ТЕМІРБЕК ЖÜRГЕНОВ. 125 ЖYЛ» 100 теңгелік коллекциялық монетасын айналымға шығарды. Қайраткердің өмірі мен қызметін жұртшылыққа таныта түсу мақсатымен бұл күнде Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор елеулі жұмыс жүргізіп келеді.

Өмірін қазақ халқының ғана емес, түбі түркі жұртының баянда да, бақытты өмір сүруіне арнап, қоғамға қалтқысыз қызмет еткен тұғырлы тұлғаға өзі туып өскен Сыр елінде тағылымды шаралар көптеп өткізілді.



## ТҮРКІ ЖҰРТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

атындағы шығармашылық үйінде мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына орай «Ұлт рухын ту еткен тау тұлға» атты тарихи-танымдық іс-шара өткізді.

Шараға «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлері, С.Лапин атындағы №261 мектептің ұстаздары, оқушылары, кітапхана оқырмандары қатысты. Шара барысында «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Айжан Абдуллаева ұлтының ұлылығын ұлықтаған, ақтық демі таусылғанша бар болмыс-бітіммен, пәк жүрегінің асыл сенімімен елі мен жерінің өркендеуіне баға жетпес қызмет атқарған ұлы тұлға Т.Жүргенов есімімен аталған Шығармашылық үйінің тарихына тоқталды. Ал қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзиз Батырбеков ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист, ұлттың кемел келешегі үшін аянбай қызмет еткен қайраткер тұлғаның ерен еңбегі мен өнегелі өмір жолы жайлы ой өрбітті.

### Білімнің жағыш кеттің мың шырағын!

*Жігерін жалынды отқа жанызғанда,  
Күш берген перзентіне жарық Алла.  
Ел үшін жан тидалық жасап кеткен,  
Өзіңдей адал перзент табылар ма?*

*Қазақтың көзін ашып надандықтан,  
Құтқаруды ойлаған бодандықтан.  
Біліммен нұрландырған қазағымды,  
Қорғаған қараңдықтан, жамандықтан.*

*Білім ғана жеңерін ізгілікпен,  
Надандықты бекітіп жүз құлыппен.  
Ағартуға халықтың ой-санасын,  
Ғылым деген қажетті құндылықпен.*

*Азат қылып арманың алты Алаштың,  
Елім деп емірленіп жанталастың.  
Ұлтыңның тапталпауға ар намысын,  
Дұшпандармен аяусыз батталастың.*

*Қазағыңның қоздырып делебесін,  
Білімнің кеңейтуге керегесін.  
Озат ойлы қазақты көбейтем деп,  
Көрсеттің біліктілік өнесесін.*



Салтанатты шара аясында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты кітап көрмесі жасалтылып, библиографиялық шолу жасалған. Қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттердің кітапханаларында Темірбек Жүргенов жайлы танымдық шаралар, тағылымды кештер, кітап көрмелері ұйымдастырылып, өскелең ұрпаққа тау тұлғаның тағылымды еңбегі кенінен насихатталды.

Жалағаш ауданындағы тұлғаның өз атымен аталатын ауылда дүбірлі той өтті. Ақындар жыр толғап, балуандар белдесті. Жиырмадан астам киіз үй тігіліп, ән-жырдан шашу шашылды. Жерлестері Сыр топырағында туған ұлын ұлықтап, өз заманының озық перзентіне арнап саябақ ашты. Арнайы ескерткіш-биост те орнатты. Т.Жүргенов ауылының мәдениет үйінде «Тәуелсіздік жалауегері – Жүргенов» атты республикалық жазба ақындар мүшайрасы той көркін қыздыра түсті.



Солардың қатарында «Ұлт руханияты және Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мүшайрасы өткізілді.

Сонымен қатар қайраткердің жары «Алжир» азабын тартқан қайраткер ана, Қазақ КСР еңбек сіңірген дәрігері Дәмеш Ермекова-Жүргеноваға құрмет көрсетіліп, облыс орталығындағы көшенің біріне есімі берілді. Ал конференцияға «TURKSOY» халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Ұлттық ғылым академиясының академикалары, зиялы қауым өкілдері, белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері қатысты. Қайраткердің өнегелі ғұмырын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Нарком Жүргенов» спектаклі қалың көрерменге ұсынылды.

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай өткізілген апталық аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Темірбек Жүргенов қазақ руханиятының көшбасшысы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кездесуге ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылым докторы, профессор Ә. Бөкір, «Темірбек Жүргенов» қорының төрағасы С.Аңсат, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Г.Оразалиева қатысып, Темірбек Жүргеновтің өмір жолына, ғылыми еңбектеріне, тұлғалық қалыптасу жолдарына кеңінен тоқталды.

Мұнан бөлек, Қызылорда қалалық мәдениет және спорт бөлімі тұғырлы тұлғаны дәріптеу мақсатында бірқатар тағылымды шаралар өткізді. Мәселен, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен Темірбек Жүргенов

Басы 1-бетте

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

## АҚЫНДАРДЫ СЕРПІЛТКЕН САПАР



«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы,  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», – деп ұлы ойшыл Абай Құнанбаев айтқандай поэзияны жанына серік қылған жас ақындардың Сыр елінде бір шоғыры қалыптасып келеді. Алашқа ана болған құтты мекенде өнерге деген құрмет ерекше. Соның дәлелі Сырдың жас ақындары қараша айында Алматы қаласында поэзия күндерін өткізіп, алматылықтардың ыстық ықыласын көріп бір серпіліп қалды. Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойы аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қолдап, облыстық мәдениет және спорт басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалы ұйымдастырып, алматылықтарға рухани шабыт сыйлады.

Парасатты поэзия салтанат құрған сапар барысында ақындар Алматы қаласындағы беделді оқу орындарының студенттерімен кездесіп, республикалық телеарналар мен радиолардың бағдарламасына қатысып, өмірден озған ұлт зиялыларына құран бағыштады. «Qyzylorda» телеарнасы арнайы барып поэзия сағатына түсірілім жасап,

Қазақстан Жазушылар одағының концерт залында алматылық өлеңсүйер қауымға және ондағы жерлестерімізге поэзия кешін өткізді.

Поэзия күндеріне халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Асылзат Арыстанбек, республикалық жыр мүшайраларының жүлдегерлері Ұлықбек Тәңірберген, Биболат Сатжан,

Айдар Сайлауов, Аружан Оралбай, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Толқын Қабилша, Назгүл Бердіқожа, Олжас Сәндібек, Мөлдір Айтбай, Мақсат Дауылбай, Ақжол Түменбай сынды танымал жана толық ақындарымыз жырдан шашу шашты. Жас ақындарды «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби

сыйлығының лауреаты Қатирә Жәленова мен Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының директоры, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова бастап барды.

Поэзия күндерінің қорытынды кеші Қазақстан Жазушылар одағының «Әдебиетшілер» залында өтті. Әдеби

сазды кешке зиялы қауым өкілдерімен бірге танымал эстрада жұлдыздары қатысты. Әдемі кештен алған әсерлері жайлы Байбота Кошым-Ноғай, Қасымхан Бегман, Бақытжан Абызов, Бауыржан Жақып сынды шығармашылық өкілдері өз ризашылықтарын білдіріп, мұндай тағылымды шараның алғаш рет өткізіліп отырғанын тілге тиек етіп, келешекте де жаңа шуақ сыйлайтын осындай шаралардың көптеп өткізілуі жас буын қаламгерлерді шындайды деген тілектестігін білдірді.

Поэзия кешіне қатысып, жігерлі жырларын оқыған жас ақын Мақсат Дауылбай өзінің жүрекжарды пікірін білдірді.

– Дәл бүгінгі кезеңде, дәл қазіргі тұста өмір сүріп жатқан Сырдың жас ақындары санаттан өшпейтін, жүректен көшпейтін естеліктерге байып, Алматының апақ мейіріне тойып, ауылға қайтып барады. Иә, біз облыстың 85 жылдық мерейтойы аясында тұңғыш рет өткен Алматыдағы поэзия күндеріне қатыстық. Сол күннен-ақ «Qyzylorda TV» сапарлатқандардың

Сонымен қатар Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығының жабылу салтанатына орай Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қоры төрағасы Сәби Аңсат, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ректорының міндетін атқарушы Шыңғыс Ерғөбек бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз конференциясын өткізді. Онда басқарма басшысы халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымы биылғы жылды «Темірбек Жүргенов жылы» деп жариялағанын тілге тиек етті.

– Осы орайда, есімі елге ғана емес, Орталық Азия халықтарына ортақ бірегей тұлғаны ұлықтау мақсатында халықаралық, республикалық деңгейдегі әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Аукымды шаралар легі Қазақ ұлттық өнер академиясының «Темірқазық» атты мерейтойлық концертпен қорытындыланбақ. Аталған концертте өнер академиясының 68 өнерпазы қатысады. Барша Сыр халқын мерейтойлық концерттің куәгері болуға шақырамыз! – деді басқарма басшысы Мира Жомартқызы.

Қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсат Темірбек Жүргеновтің елге еткен еңбегін айтып, ұлт қайраткерінің артында қалған мәңгі мұрасын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау керектігін жеткізді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

«Жасанды интеллект саласы еңбек нарығына қандай өзгеріс әкеледі? Қандай мамандықтар жойылуы мүмкін?» деген сауалдар да өзекті.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ «Болжау және зерттеу» департаментінің зерттеуі бойынша жасанды интеллект саласы еліміздегі ірі қалаларда жұмыс орындарын автоматтандырады. Жалпы Қазақстан бойынша бұл үлес 24,9% болса, Шымкент, Астана және Алматы қалаларында 33,5%-дан 35,7%-ға дейін жетіп отыр. Бұдан басқа, автоматтандырудың жоғары деңгейі өнеркәсіптік дамыған Атырау (28,2%) және Шығыс Қазақстан (26,4%) аймақтарында бар. Жұмыс орындарын автоматтандырудың ең аз мүмкіндігі негізінен ауыл шаруашылығы аймақтарында қалыптасады, олар да халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының жоғары деңгейімен сипатталады. Түркістан облысында автоматтандырудың деңгейі 17,9%, Жетісу облысында – 18,7%, Алматы облысында – 19,9%, Жамбыл облысында – 20,3% деп бағаланады.

«Жалпы қызметкерлерді босату және ауыстыру мүмкіндігі, олардың ауқыммен ескере отырып, тұтастай алғанда Қазақстанның еңбек нарығына елеулі қауіп

көп тапсырманы технология орындайды. Бұл өндіріс, көлік және тұтынушыларға қызмет көрсету сияқты салалардағы жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, 2025 жылға қарай әлемде автоматтандыру әсерінен 85 миллион жұмыс орны жоғалуы мүмкін. Қазақстанда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегі бойынша 2030 жылға қарай автоматтандыру нәтижесінде 1,5 миллион жұмыс орны жойылуы мүмкін. Дегенмен жасанды интеллект жаңа жұмыс орнын құра алатынын ескеру керек. Мысалы, жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін қажет. Сондай-ақ бизнес пен кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер жасай алады, – дейді ол.

Жасанды интеллект саласы өмірімізге дендеп еніп жатқанын айтуға әлі айтып жүрміз. Ал жаңа технологияны игілігіміз үшін игеруде дайындығымыз қандай? «Oxford Insights» компаниясы «Үкіметтің жасанды интеллектке дайындық индексі-2022» зерттеуін жариялады. Бұл зерттеуде әлем елдері үкіметтерінің мемлекеттік қызметтерді ұсынуға жасанды интеллект мүмкіндіктерін

бар. Оның бейне сабақтары миллиондаған қаралым жинап жатыр. Мұның барлығы білім жүйесінің өзгеріп жатқанын аңғартады. Балаларымыз, яғни жаңа буын стандартты біліммен шектеле алмайды. Сондықтан да біз осы саланы жетілдіріп, жылдам білім бере алатын платформаларды қалыптастыруымыз қажет. Қазір адамдар өзіне қажетті білімді алу үшін қысқамерзімді курстарды сағып алады. Міне, осылай жылдам игеретін мамандықтар шығып жатыр. Бұл – заман талабы. Өйткені ақпараттар әп-сәтте ескіріп қалады. Сондықтан қоғамдағы өзгерістерге ілесе білуіміз қажет. Сондай-ақ оқытушының орнын баса алатын чат-боттар пайда болды. Бұрын оқытушы деген бізге баға қойып, үй тапсырмасын тексеретін адам болса, қазір оқытушы ол релісесіз тәрізді. Сізге тек мынадай кітапты оқы, мынадай подкаст тында, мынадай вебинарларға, шеберлік сыныптарына бар деп айтады, – дейді Диана Камаладин.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құқық институты директоры Нұрлан Құлмырзаев ең бастысы жасанды зердені адамзат игілігіне пайдалана білуіміз керек деген пікірін білдірді.

– Бұл туралы ел Президенті де атап айтты. Жасанды интеллект – жақсылыққа



## ҚИЕННЕН АЙНАЛАЙЫН, ҚАРА ҚАЗАН

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ:



## АДАМЗАТ ҮШІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

төндіреді», – дейді мамандар. Сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында, ең алдымен, автоматты процестерді енгізу кезінде кірісті арттыруға бағытталғанын атап өткен жөн. Егер, мысалы, халықаралық сауда орталығы статистикасының деректеріне сәйкес АҚШ-та өндірілген бір өнеркәсіптік роботтың экспорттық құны 2022 жылы 23,6 мың долларды құраса, бұл орташа жылдық бағам бойынша тиісінше 10,9 млн теңгені құрады. Бірақ дәл сол АҚШ-та 2022 жылы орташа жылдық жалақы 61,9 мың долларды 10 немесе 28,6 млн теңгені құрады, бұл ретте Қазақстанда алдын ала деректер бойынша 3,7 млн теңгені құраған.

Еңбек нарығын автоматтандырудың нәтижесінде ірі қалалар үшін жұмыс орындарының 33%-дан 36%-на дейін автоматтандыруы мүмкін, сондай-ақ өнеркәсіптік дамыған өңірлерге тән. Салалық бөліністе қызметкерлерді жасанды интеллект алмастырудың ең үлкен әлеуеті кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласына тән болып отыр. Дегенмен Қытайға бағытталған зерттеу мысалында атап өтілгендей, ықпалдандырылған жұмыс күйі есебінен әлеуетті үнемдеу еңбек нарығына әсер етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда орташа жалақы дамыған елдерден едәуір төмен болғандықтан, автоматтандыру және жұмысшыларды механизмдермен және жасанды интеллектпен алмастыру процестері өте баяу жүреді деп күтуге болады, өйткені компаниялар мұны пайданы ұлғайту тәсілі ретінде қорейді», – деп болжайды сарапшылар.

Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Экономика және құқық институты директоры, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан IT мамандар ассоциациясы» ЖШС директоры Нұрлан Құлмырзаевтың пікірін білдік.

– Шынында, жасанды интеллект жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі ықтимал. Себебі қазіргі уақытта адамдар орындайтын

енгізуге дайындық көрсеткіштерін бағалаған. Зерттеу қорытындысы бойынша жасанды интеллект саласын мемлекеттік қызметте тиімді пайдалануға АҚШ қош бастаса, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония алғашқы оңдыққа енген. Қазақстан –72, Эстония –74, Оңтүстік Африка –79 орынды иеленген. Соңғы орындарда Сирия, Ауғанстан елдері бар.

Жасанды ақыл-ой технологияларын қалай қолдану керек? Бұл орайда тағы да маман пікіріне сүйендік.

Бүгінде жасанды интеллект білім саласына да еніп кеткенін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атап айтты.

– Нейрожелі қазірдің өзінде оқу үдерісіне араласып кетті. Оның дамуы да жылдам. Қазір бізге цифрлық сауатты болу жеткіліксіз. Жасанды интеллект сауатты деген ұғым да жақсы таныс болуы қажет. Яғни біз оны білім саласында оқытуымыз керек. Иә, бұл алгоритмнің кері әсері туралы да көп айтылады. Дегенмен біз оның дамуын тежей алмаймыз. Сондықтан сауатты түрде меңгеруіміз қажет. Кез келген салада ChatGPT-мен жұмыс істеуді меңгерген маманның бәсі жоғары тұрады, – дейді министр жуырда өткен Digital Bridge 2023 форумында.

Еліміздегі алғашқы жылдам кәсіптер университетінің негізін қалаушы Диана Камаладиннің айтуынша, білім беру саласында оқытушының орнын чат-боттар алмастыра алатыны туралы пікірі «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды.

– Бағыста машиналардың жаңа моделі жыл сайын шығатын болса, Қытай нарығында алты ай сайын өзгеріп жатыр. Бұрын бір жаққа баратын болсаң такси ұстау, такси табу қиын еді. Ал қазір «Яндекс» бар. Тіпті көлікті 10 минут күтіп қалсаңыз, «енге тез келмеді» деп шағымданаңыз. Мысалы, фаст-фудтар біздің жылдам тамақтануымызға ыңғайлы. Өрекеттеріміз күн өткен сайын жылдамдыққа негізделіп барады. Білім беру нарығына да осындай қарқынды өзгерістерге ілесе алатындай жүйе қажет. Мәселен, TikTok желісінде химия пәнін үйрететін мұғалім

да, жамандыққа да қолдануға болатын күшті құрал. Ең бастысы, жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан пайдалану маңызды. Жасанды интеллект адамдардың өмірін жақсарту үшін пайдаланылуы керек. Мәселен, елдегі кедейшілік, ауру, климаттың өзгеруі сияқты жаһандық мәселелерді шешу үшін қолдану қажет. Мәселен, медицинада жасанды интеллект дәрігерлерге көмекші бола алады. Деректерді жинау және талдау нәтижелерін талдау сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ дәрігерлерге кеңес беру арқылы емдеу сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Осы орайда жасанды интеллект саласын басқару үшін қолдануға болатын нақты принциптерді атап айтқым келеді. Бірінші, қауіпсіздік. Жасанды интеллект адамдар мен қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы керек. Екінші, этика. Бұл моральдық принциптерге сәйкес қолданылуы керек. Үшінші, ашықтық. Адамдар жасанды интеллект қалай жұмыс істейтінін және шешімдердің қалай қабылданатынын түсінуі керек. Төртінші, жауапкершілік. Адамдар жасанды интеллектпен байланысты әрекеттері үшін жауап беруі керек. Осы қағидаларды ұстана отырып, біз жасанды интеллектті адамзаттың игілігі үшін қолданылуын қамтамасыз ете аламыз, – дейді Нұрлан Құлмырзаев.

Жасанды интеллект саласын дамытуға өңірде де алғашқы қадамдар жасалады. Жуырда Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтимастық аясында университет жанынан жасанды интеллект мектебі ашылды. Алдағы уақытта оқу орнында жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика мамандары да даярланбақ.

Қалай айтқанда да, жасанды ақыл-ой технологияларының дамуы – уақыт талабы. Ал оны тиімді пайдалану адам баласын әрдайым оқып, жананы үйренуге тиіс екенін көрсетіп отыр.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

**Басы 1-бетте**

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**

**Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынабасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір -1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.  
Алғашқы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция жоғарымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3209

Таспырыс №1784

Нөмірдің кезекші редакторы Назира МҰҚАТАЕВА

Г.АСҚАРҚЫЗЫ